

«Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми – әдістемелік «Дарын» орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын



Коммунальное государственное казенное предприятие «Областной научно - методический центр развития одаренности и дополнительного образования «Дарын» ГУ «Управление образования области Абай»

071400, Абай облысы, Семей қаласы
Құнанбай көшесі, 12 В

071400, область Абай, город Семей
улица Кунанбай, 12 В

13.08.2026 № 505

Аудандық /қалалық білім бөлімдерінің басшыларына, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының директорларына

«Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми – әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК мектеп, қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері және кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Достық жолымен» атты облыстық шығармашылық байқауын қашықтықтан өткізетінін хабарлайды.

Байқауға қатысу ерікті түрде.
Қосымша – 3 бетте.

Директор

Ж.Ныязбекова

Орынд. Ахметжанова Ш.
тел. 87756237746
korkem.daryn@mail.ru

ҚАРАЛДЫ:

«Абай облысының білім басқармасы» ММ
«Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында
«21» 01 2026 ж.

БЕКІТІЛДІ:

Абай облысының білім басқармасы
«Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК
директоры



Ж.Ныязбекова
2026 ж

«Достық жолымен» облыстық шығармашылық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- Байқау Семей ядролық полигонының жабылғанына **35 жыл** толуына орай өткізіледі.
- **Басты мақсаты:** Өскелең ұрпақты бейбітшілікті сақтауға баулу, тарихи жадыны сақтау және Қазақстан мен Жапония балалары арасындағы достық көпірін нығайту.
- **Міндеттері:** Бейнелеу өнеріндегі жас таланттарды қолдау, эстетикалық және патриоттық тәрбие беру, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

2. Қатысушылар

Байқауға келесі санаттағы білім алушылар қатыса алады:

- Жалпы білім беретін мектеп оқушылары;
- Қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері;
- Кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері.

3. Байқауды өткізу тәртібі мен уақыты:

- Байқаудың қорытындысы 2026 жылдың 30 сәуірде шығарылады.
- Байқауға Абай облысының аудандары мен қалаларынан қосымшада көрсетілген үлгіде өтінімдерді, қатысушылардың жұмыстарын және төлем туралы түбіртектерді korkem.daryn@mail.ru электрондық поштасына **20 сәуірге** дейін жіберу керек.
- Байқауға мектеп оқушылары мен қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері және кәсіптік-техникалық, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері төмендегі бағыттар бойынша қатысады:

- «Семей үнсіздігі: бейбіт өмірге -35 жыл» деген тақырыпта сурет салу;
- «Жаралы жердің жүрегі» полигон трагедиясына байланысты еске алу символы немесе эмблемасын жасау;
- «Семей полигоны: өткеннің өкініші, болашақтың ескертуі» атты эссе жазу.

Байқау қатысушыларының жұмыстарына қойылатын талаптар:

1,2-бағыт бойынша байқау жұмыстары кез- келген техникада (акварель, май, пастель, қарындаш, гелий қаламы, түрлі-түсті қарындаштар, аралас техника) кез-келген материалда (картон, қағаз, кенеп, т.б.) орындалады.

3-бағыт бойынша қатысушының жұмысы А4 форматта компьютерде терілген болу керек. Сөз саны жас ерекшелігіне сай болу керек.

Бағалау критерийлері:

1,2-бағыт бойынша:

- көркемдік тұрғыдан жұмыстың сапасы мен кәсібилігі;
- авторлық тәсілдің өзіндік ерекшелігі және тақырыпты ашу тереңдігі;
- жұмыстың тазалығы, бөлшектердің мұқият өңделуі;
- техникалық орындалуы: графикалық редактор құралдарын (қылқалам, фигуралар, түс толтыру) немесе қолмен салу техникасын (қарындаш, бояу) сауатты қолдану.

- креативтілік және ерекшелік: жұмыстың өзіндік стилі, басқалардан ерекшеленетін идеялардың болуы.

3-бағыт бойынша;

- Эссе тақырыбының сәйкестігі, мағыналық тұтастық, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі;
- Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі;
- Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге қатысты дәйексөз, сандық деректер, ғылыми мәліметтерді қолдану мен дереккөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы;
- Эссенің жазылу құрылымдарының сақталынуы;
- Жұмыстың орындалу сауаттылығы.

Байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

- Нәтижелерді анықтау. Әр бағыт бойынша байқау жеңімпаздары анықталады. Жеңімпаздар 1,2,3-орын дипломдарымен марапатталады.
- Байқауға қатысу жарнасы әр қатысушыдан **2000 теңге**.

- **Жарналарды төлеуге арналған деректемелер:**

- 1) Абай облысы білім басқармасының «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы КМҚК
БИН 221240039001
ИИК KZ 54601A261002052351

2) **Төлемдерді Kaspi.kz арқылы жүзеге асыру:**

КНП: 859

Кбе 16 («Достық жолымен» байқауын көрсету)

1. Kaspi.kz тіркелу
2. Бөлім «Платежи»
3. «Білім»
4. «Қосымша білім беру»
5. КГКП «Областной научно-методический центр развития одаренности и дополнительного образования «Дарын» ГУ «Управление образования области Абай» (г.Семей, ул.Кайым Мухамедханова,8)
6. Данные участника и внести сумму оплаты
7. Kaspi Gold-ты таңдау
8. Төлем жасау

(міндетті түрде «Достық жолымен» байқауын көрсету)

- Байқаудың өтінімі, қатысушының сканерленген жұмысы және төлем туралы түбіртек korkem.daryn@mail.ru электрондық поштасында қабылданады.
- Апелляция қарастырылмайды. Қатысушылар туралы берілген ақпараттың дұрыстығына жетекшісі жауапты болады.
- Қосымша ақпаратты 8 775 623 77 46 байланыс нөмірінен ала аласыздар.
- Өтінім нысаны: қосымша бойынша үлгі. Облыстық «Достық жолымен» байқауына қатысуға.

Қосымша

«Достық жолымен» атты облыстық шығармашылық байқауына тапсырыс

№	Қатысушының аты-жөні	Ауданы /қала, мекенжайы	Оқу орны (толық атауы)	Бағыты	Жетекшісінің толық аты-жөні, телефоны,эл.поштасы